Білім беріу ұйымы: Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Б. Тналин атындағы
Бірсуат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ шағын орталық
Топ «Болашақ» ортаңғы-ересек тобы
Балалардың жасы 3-4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 16- 20 қараша 2025жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалардықабылдау	Балаларды қабылдау: таңғы балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл-күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, баланың қазіргі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білдіру.				
	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балабақша туралы сұрақтар қою. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).**	Жануарлар әлемі суреттер топтамасын қарау. **Мақсаты:** жануарлар туралы ұғымдарын кеңейту. **(қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)**	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Таңертеңгі ауа-райы туралы әңгімелесу.Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. (жел,жаңбыр) **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).**	Әңгіме құрастыру. «Досың туралы әңгімелеп бер» **Мақсаты:** достық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету, санау дағдыларын дамыту. **(қазақ тілі***-коммуникативтік дағды, математика негіздері-танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**	Балалармен әңгімелесу. Бүгін аптаның нешінші күні екенін сұрау. Апта күндерін атай білуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту-математика негіздері-танымдық және зияткерлік, коммуникативтік, дағдыларды дамыту).**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Әңгімелесу:** «Кел қанекей, ойнайық» ата - аналарға үйде балалармен әр түрлі ойындарды бірігіп ойнап көңіл күйлерін көтеру көңіл бөлулерін ұсыну. Балалар суреттер көрмесіне «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында үйде бірігіп сурет салуды ұсыну.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	**Үстел-үсті ойыны: «Менің балабақшам» Мақсаты:**құрылыс жобасын бірлесіп ойластырып, түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшаны құрастыру. **(Құрастыру-**	**Дидактикалық ойын: «Ненің төлі ?» Мақсаты:** төлдер туралы ұғымдарын кеңету. Бірнеше бөлікке қиылған төлдердің суретін құрастыру. **(Құрастыру,қазақ тілі-**	**Санамақ** Кел санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы - Балаң үйрек жалғасы. Ортан терек - кезекші, Шылдыр шүмек - көмекші. Шынашағым - балапан,	**Ойын:«Ән салған кім?» Мақсаты:** балаларды мәнерлеп ән айтуға және сөздерді анық айтуға үйрету, ән салған баланың даусынан танып табуға	Д/о: «Үй құстары-менің достарым» Мақсаты:Жасырын тұрған суреттерді табу. Қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. **(Сөйлеуді**

әрекеттер)	**шығармашылық дағдыларды дамыту).**	**коммуникативтік, шағармашылық дағдыларды дамыту)**	Бәріне ортақ алақан **Мақсаты:** Санамақтар ды есте сақтауға жатқа айтуға үйрету. **(Көркем әдебиет-коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	үйрету. **(Сөйлеуді дамыту,музыка-коммуникативтік шағармашылық дағдыларды дамыту)**	**дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).**
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгілік гимнастика кешені (физикалық қасиеттерді дамыту).** Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді. Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді, қолды белге қойып аяқтың ұшымен ,аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді Б.қ, қолды төмен түсіріп (құм толтырылған дорбаша оң қолда), түзу тұру 1 дегенде екі қолды (дорбашасымен) екі жаққа жайлап соза жоғары көтеріп, қолға қарау2 дегенде дорбашаны сол қолға аустыру 3 дегенде б.қ.-қа келу Бастапқы қалып,аяқты сәл алшақ, қол белде ұстап тұру(дорбашаны басқа қойып қояды).1 дегенде басты имей, алға қарай еңкею 2 дегенде бастапқы қалыпқа келу Б. қ, малдас құрып отыру, қолды белде (дорбашаны басқа қойып қояды)1 оңға бұрылу 2 артқа бұрылу 3 бастапқы қалапқа келу Б қ, еденде малдас құрып отыру, қол белде, дорбаша алдында алыстау жерде тұрады.1 алға иіліп, дорбашаны оң қолымен алу, 2 оң қолды арт жаққа жайлап соза, дорбашаны арқаға тығып ұстау,3 бастапқы қалыпқа келу Б.қ, аяқты сәл алшақ қойып, дорбашаны ұстап, қолды төмен түсіріп тұру.1 сол қолды артқа жайлап созу, арқаға қою, 2 еңкейіп, оң қолмен дорбашаны жерге қою3 бастапқы қалыпқа келу 1 оң қолды артқа созып, арқаға қою, 2 еңкейіп, сол қолмен дорбашаны алу 3 бастапқы қалыпқа келу Б. қ, қол белде, дорбашаны басқа қою1 тепе-тендік сақтап, сәл отыру 2 бастапқы қалыпқа келу, 3 қолды алға созу Бастапқы қалып, бірінің артынан бірі адымдап жүру, жеңіл жүгіру. Демді қалыпқа келтіру. Тыныс алу жаттығу жасау.			

Таңғы ас	Таңғы ас алдында мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. (Ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге ретімен қою) Тамақтанар алдында , дәретханаға барғаннан кейін, қолдарын өз бетінше сабынмен жууға ,тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық,шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерді еңбекке баулу)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Дидактикалық ойын: «Менің сүйікті ертегім»** Балаларға « кітап» орталығында «Түйме қыз» ертегісін оқып беру. Балаларды ертегіні тыңдауға кітапқа қызығушылыққа баулу.Кітаптан ертегілерді оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойларын білдіруге баулу. Өздеріне ұнайтын ертегі кейіпкерлерінің суретін бояу,мүсіндеу,жапсыру. **(Көркем әдебиет,сурет салу**, жапсыру, мүсіндеу-коммуникативтік ,шығармашылық дағдыларды дамыту).	**Автор:М.Жылқайдарұлы «Күз» өлеңі** Мақсаты: Күз туралы әнді естеріне түсіріп айтқызу Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Күз мезгілінің құбылыстары жаңбырдың тамшыларын суретін салу, дайынжапырақтардың суретін қиып қағазға жапсыру. **(Музыка****,сурет салу, жапсыру-шығармашылық дағдыларды дамыту)**	Кітаптар қарату, өздері білетін ертегілерді сахналату. «Жеті лақ» ертегісіндегі ананың рөлі туралы әңгімелесу. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру. Балараду орталықтарға бөлу. Композициянықұрастыруд адайынпішіндердіңкөмегім ензаттардықиюғанемесеөз бетінше ойданқиыпжапсыруғамүмк індікберу.Еркін тақырыпта жұмыс жасату **(көркем әдебиет , сөйлеуді дамыту, жапсыру-коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)**	**«Айналамыздағы геометриялық фигуралар» (жемістер мен көкөністер).** Мақсаты: Балалар жеміс пен көкөністерді көру, және сипап сезу арқылы зерттейді олардың **геометриялық фигуралар**ын ажыратып және атай білуге үйрету. Жемістер мен көкөністерді мүсіндеу,суретін салу. **(математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу-танымдық және зияткерлік,шығармашылық,әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)**	**Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық»** Сандықтан ойыншықтарды бір бірден әр бала алып, көруінжәнесипапсезуарқылызерттеу жасауын ұйымдастыру. Ұнаған ойыншықтардың сурет салу,мүсіндеу. **(математика негіздері,сурет салу,мүсіндеу-шығармашылық, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Музыка **Музыка тыңдау.** жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). **Ән айту.** Би қимылдарын, ойын музыкалық әрекеттерін орындауға	Дене шынықтыру **Мақсаты:**Допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алуді дамыту. Еңбектеу мен шығыршықтан еңбектеп өтуді кезектестіріп орындауды үйрету. Бір қатарлы сапта	Музыка **Музыка тыңдау.** қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. **Ән айту.** Би қимылдарын, ойын	Дене шынықтыру **Мақсаты:**Аяқтың үшымен жүре тұрып, табанмен жүруге көшуді; шығыршықтан жанымен өтуді үйрету. Тепе-тендік сақтау және бағдарлай білу	Дене шынықтыру **Мақсаты:**Допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алуді; аяқтың үшымен жүре тұрып, табанмен жүруге көшуді бекіту. Допты лақтыруды және қағып

	қызығушылықтарын арттыру. **Музыкалық-ырғақты қимылдар**. музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау**. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. **Билер** Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.	жүруді;ысқырық бойынша бастаушыны өзгертіп жүруді жаттықтыру. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Көзмөлшері менептілікті дамыту. 1) Допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алу. 2) Еңбектеу мен шығыршықтан еңбектеп өтуді кезектестіріп орындау. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Жалаушаны жеткіз!».	музыкалық әрекеттерін орындауға қызығушылықтарын арттыру. **Музыкалық-ырғақты қимылдар**. мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау**. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. **Қазақ тілі** **Мақсаты:** **Тілдік дамытушы орта**. Дыбыстық сөйлеу мәдениеті. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша жай сөйлемдер құра білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу**. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлеммен жауап беру.	біліктерін дамыту. Негізгі қасиеттерді – шапшандық,ептілікті дамыту. Балалардың бір – біріне көңіл аударуына , ынтымақтаса ойнауына көңіл бөлу. 1) Шығыршықтан жанымен өту. 2)Орындық үстімен текшелерден аттай отырып жүру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Торғайлар мен мысық»	алуды бірнеше рет қайталау. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл- қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Көзмөлшері менептілікті дамыту. 1) Допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алу. 2)Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Маймылдар».
2- таңғы ас	Мәдени -гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Тамақтану әдебін сақтау. Дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. “Денсаулық-зор байлық” сөзінің мәнін түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. **(мәдени гигиеналық, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, кезекшілік)**				
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Өз бетінше киіну. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				

	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**				
Серуен	**Топырақты бақылау.** Мақсаты: Ауа райына байланысты топырақтың қасиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).** **2. Қимылды ойын:** «Тауық пен балапандар». Мақсаты: Әртүрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойымен (отырды, жем іздеді, жем шоқыды) орын ауыстыруға қадағалау, белгі бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету. **Қимылды ойын**: «Аққу-қаздар». Мақсаты: Берілген тапсырма бойынша жүгіруге жаттықтыру **(Дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту)** **3. Еңбек:** Ойын алаңын айналасын тазалау. Мақсаты: Ұжымдық тапсырмаларды орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:**	**Желдібақылау.** Мақсаты: Балаларға желге, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі-коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **2. Қимылды ойын:** **«Көлеңке» Мақсаты:** балаларды ойындарға қызығушылықты дамыту.ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. **Қимылды ойын: «Жалау тартыс»** **Мақсаты:** **күштілікке ,бірлікке тәрбиелеу** **(Дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту)** **3.Еңбек:** «Біздің алаң» Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып,өздігінен еңбек ете білуге үйрету **4.Жеке жұмыс:** Мақал-мәтелді жаттату Таза болса- табиғат Аман болар-адам зат **Мақсаты:** Сөйлеу мәдениетін ,ойлау	Торғай мен қарғаны бақылау. Мақсаты: Балаларға құстардың түр түстерін тануға олардың немен қоректенетінін және олардың ұқсастығын, айырмашылығын ажырата білуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).** **2. Қимылды ойын:** «Түйілген орамал» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа және ептілікке баулу. **«Қимылды ойын: Допты жалғастыр»** **Мақсаты:ойын шартын бұзбай шапшаңдылыққа ұйымшылдыққа ойнауға тәрбиелеу.** **(Дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту)** **3. Еңбек:** Құстарға жем шашу. Мақсаты: балаларды қамқорлыққа, құстарды аялауға, мәпелеуге тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** Досына көмектесуді	Жаңбырдың жауғанын бақылау. Мақсаты: Балаларға жаңбыр қалай, қайдан жауатындыңы туралы білім беру. **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі***-коммуникативтік, дағдыларды дамыту)** **2. Қимылды ойын:** «Арқан түю» Мақсаты: ойынға деген қызығушылықтарын баулу. **Қимылды ойын: «Ақ сирек-көк серек»** Мақсаты:Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу **3. Еңбек:** ойнаған ойыншықтарын жинауға үйрету. Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** **Т**ыйым сөздерді жаттату. **Мақсаты:** «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздерді айтып мағынасын түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту-**	**1.** Өсімдіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге әсер ететіндігін түсіндіру. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).** **2. Қимылды ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек».** **Мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыту,шапшаңдық-қа ептілікке баулу. **Қимылды ойын: «Қарлығаш»** **Мақсаты:** Зейінділік,сезімталдық,е птілік ойындар.сияқты қабілеттерін дамыту. **3.** Еңбек. Біздің ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. **4.** Жеке жұмыс. Тақпақ үйрету арқылыесте сақтау қабілетін

	Тәулік бөліктері сипаттамалық ерекшеліктері туралы үйрету. (сөйлеуді дамтыу,математика негіздері-коммуникативтік, танымдық жіне зияткерлік дағдыларды дамыту) **5**.Таза ауада еркін ойындар.	қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды дамыту).** **5**.Таза ауада еркін ойындар.	үйрету. **Мақсаты:** балаларды адамгершілікке,өзара көмек беруге,ренжіген балаға жанашырлық танытуға үйрету. Достық қарымқатынасын нығайту. **(Қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды дамыту).** **5**.Таза ауада еркін ойындар.	**коммуникативтік дағды)** Жаңбыр басылды, күн ашылды. **5**.Таза ауада еркін ойындар.	дамыту. **5**.Таза ауада еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бірін-бірі итермей екі-екіден жүруге дағдыландыру**.** Өз бетінше шешінуді, киімдерін жинау, ілу , ересектердің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстыру, киюін қалыптастыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**				
Түскі ас	Таңғы ас алдында мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. (Ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге ретімен қою) Тамақтанар алдында , дәретханаға барғаннан кейін, қолдарын өз бетінше сабынмен жууға ,тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық,шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерді еңбекке баулу)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздері ағыту. Киімдерін ұқыпты өз сөрелеріне іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Балаларға ертегі оқып беру және жайлы музыка қою. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, көркем әдебиет-коммуникативтік дағды, музыка-шығармашылық дағды)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Кереуеттегі жаттығу** Балалар ұйқыдан оянады. Жалпы денеге арналған жаттығу-балалардың денсаулығын нығайтып, дене, қолдың саусақтарын ашып-жұму бітімін жақсы қалыптастырады. Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық. - Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен. - Керуетте жатып велосипед тебу. - Қолды алға созып, қайшылап қозғалту.				

	Төсектен тұру: Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір. Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір.				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру, назарын тағамға аудару. Мәдени -гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерді еңбекке баулу)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: **«Тәулік бөліктері».** Мақсаты: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)**	«Ырғақ» **Тақырыбы: «Көңілді балалар»** Бидің аяқ қимыл-қозғалыстарын үйрету. **Мақсаты:** Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. **Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты:**3-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту. **(Математика негіздері-танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)**	**Саусақ театры: «Үш аю»** Саусақтардың көмегімен ертегіні сахналау. **Мақсаты:**Саусақ театры арқылы ертегінің кейіпкерлерін образын өздігінен сомдауға, олардың басқа қырынан көрсетуге ынталандыру. **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	**Дидактикалық ойын: «Кеңістікті бағдарла» М:** Пішіндердің атаулары арқылы кеңістікті бағдарлай білуге, нешеу? Қанша ? сұрақтарына жауап беруге үйрету. **(Сөйлемді дамыту,математика негіздері-танымдық және зияткерлік коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	Вариативтік компонент **Түрлі түсті бөлшектер «Торғай» Мақсаты:** Түрлі-түсті бөлшектерден торғай құрастыру. Дәптермен жұмыс. Ырғақты-музыкалық қимылды ойын «Қандай аспаптың үні» Мақсаты: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. **(Музыка-шығармашылық дағдыларды дамыту).**
Балалармен жеке жұмыс	«Алтын күз» суретін салу Мақсаты: сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға үйрету. **(сурет салу-шығармашылық дағды дамыту)**	«Ақымақ қасқыр» ертегі Мақсаты:суреттер бойынша таныс шығармаларды атауды олар бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету **(көркем әдебиет-коммуникативтік дағды дамыту)**	«Туған жер» өлеңді оқып беру. өзінің туған жерін білуге және атауға үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды дағды дамыту)**	«Топ,топ,добым» өлеңі Мақсаты: сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтай білуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту-**	Дидактикалық ойын: «Менің отбасым» жақын туыстарын, олардың есімдерін атауға, әңгімелеуге үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды дағды**

				коммуникативтік дағды дамыту).	**дамыту)**
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**				
Серуен	**1.Бақылау:** Тастарды бақылау. **Мақсаты:** Өлі табиғат туралы түсінік беру. Тастардың әртүрлілігі туралы білім беру. Балаларға тастардың табиғаттың бір бөлігі екенін,олар өлі табиғат болып саналатын түсін діру.Олардың қасиет-терімен таныстыру. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік – эмоционалды ,коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **2.Қимылды ойын:** **«Мысық пен тышқан»** Мақсаты:қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету.Ойындарға қызығушылықты дамыту. **Қимылды ойын:** **«Қасқыр мен қаздар»** **Мақсаты:** Топ болып ойнауға,рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **(Дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту)**	**1.Бақылау:** Балабақша ауласындағы күзгі жұмыстарды бақылау Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімді бекіту. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).** **2.Қимылды ойын:** «Күшік пен торғай» Мақсаты: құстарға тән қимылдары туралы білімді бекіту; оларды дауыспен еліктеуге үйрету. **Қимылды ойын:** **«Аттамақ»** Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойындарға қызығушылықты дамыту. **(Дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту)**	**1.Бақылау:** Ауа-райын бақылау. Мақсаты: ауа-райындағы табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).** **2.Қимылды ойын:** «Қайда жасырылған, тап» Мақсаты: кеңістікті шарлауға үйрету. үйрету. **Қимылды ойын:** **«Тышқан мен мысық».** **Мақсаты:** Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету (Дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту)	**1.Бақылау:** **6.** Кемпірқосақты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіру, жаңбырдан кейін аспанда кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).** **2.Қимылды ойын:«Шымшық доп»** **Мақсаты:** Шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** **«Маған қарай лақтыр»** Мақсаты:Балалардың қимыл дағдыларын қалыптастыру. **(Дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту)**	**1.Бақылау:** Жерді бақылау. Мақсаты: Жер бірнеше қабаттардан тұратындығын, олардың ең беткі қабатты-топырақ екендігін айтып түсіндіру. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).** 2.**Қимылды ойын :«Кім тезірек?»** Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** **«Қарлығаш»** **Мақсаты:** Зейінділік,сезімталдық,еп тілік қабілеттерін дамыту. **(Дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту)**

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бірін-бірі итермей екі-екіден жүруге дағдыландыру**.** Өз бетінше шешінуді, киімдерін жинау, ілу , ересектердің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстыру, кию. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Жаңылтпаш»** жаттату Ара,ара,аралар, Орманның бойын аралар, Гүлдерден сорып бал алар, Алысқа ұшып бара алар,Бал тәтті ғой, ә, балалар! **Мақсаты:** балаларды шағын жаңылтпаштарды мәнерлеп айтуға үйрету. (Көркем әдебиет,қазақ тілі***-коммуниктивтік дағдыларды дамыту)	**Дидактикалықойыны. «Дауысынақарайажырат»** Мақсаты: Балаларүйжануарларыныңда уыстарын ажырата білуге үйрету. **(қоршағанортаментаныстыру, қазақтілі***-әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды дамыту)**	**Дидактикалық ойын:** «Бөлшегін тап» Мақсаты: Пішіндерді атап,ажырату , өз ұясына орналастыру. **(Сөйлеуді дамыту,математика негіздері-коммуникативтік, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**	**Дидактикалық ойын:** **«Кімге қандай еңбек құралы керек?»** **Мақсаты:** Еңбек құралдарын танып ажыратып,атай білуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту,математика негіздері-коммуникативтік, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**	Көңілдімузыкағаырғақтыбиқимылдарын жасап, көңілкөтеру.Өздеріұнататын әндердіайтқызу. **(Музыка****-шығармашылық дағдыларды дамыту)**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалардың тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету				

Білім беріу ұйымы: Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Б. Тналин атындағы Бірсуат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ шағын орталық
Топ «Болашақ» ортаңғы-ересек тобы
Балалардың жасы 3-4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 23-27қараша 2025жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенб	Сәрсенбі	Бейсенб	Жұма
Балалардықабылдау	Балаларды қабылдау: таңғы балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл-күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, баланың қазіргі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білдіру.				
	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. Балалардан демалыс күнін қалай өткізгені туралы әңгіме жүргізу. **(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды дамыту)**	Дидактикалық ойыны «Шаршы құрастыр» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. **(Құрастыру-шығармашылық дағдыларды дамыту)**	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. Балалардың өзінің ойнайтын сүйікті ойыншығы туралы әңгіме жүргізу. **(Қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоциоалды дағдыларды дамыту)**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.Балабақша туралы әңгіме жүргізу. «Балабақша» әнін орындау. Мақсаты:балаларды мәнерлеп,әуенді таза және сөздерін анық айтуға үйрету. **(Сөйлеуді дамыту музыка-коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Бүгінгі ауа-райы туралы әңгіме жүргізу. Мақсаты:Табигат құбылыстарын атай білуге үйрету. **(Қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоциоалды дағдыларды дамыту)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Әңгімелесу:** «Кел қанекей, ойнайық» ата - аналарға үйде балалармен әр түрлі ойындарды бірігіп ойнап көңіл күйлерін көтеру көңіл бөлулерін ұсыну. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгімелесу Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын әңгімелеуДемалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын: «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»** Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. **(Математика негіздері,сөйлеуді дамыту-танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**	**Дидактикалық ойын:** «Сиқырлы пішіндер» ойыны. Мақсаты:Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу. (**Математика негіздері-танымдық, дағдыларды дамыту)**	**Сюжеттік-рөлдік ойын: «Құрылысшы»** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. балаларды ұжымда достық қарым-қатынас орнатуға үйрету, **(Құрастыру,сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)** **Дидактикалық ойын:** **«Доптар бізде қонақта»** Жоғары – төмен,астында – үстіндеұғымын түсіндіру. (**математика негіздері-танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**	**Жаңылтпаш жаттату Мақсаты:**балаларды жаңылтпаштар жаттату арқылы сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтуға үйрету. Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. Қыс қыспаса,қыс па? Құс ұшпаса,құс па? Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі***-(коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	Сюжеттік сурет «Күз бояуы» Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі***-коммуникативтік дағдыларды дамыту**
Таңертенгі жаттығу	Таңертеңгілік гимнастика кешені физикалық қасиеттерді дамыту). Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді. Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді, қолды белге қойып аяқтың ұшымен ,аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді				

	Б.қ, қолды төмен түсіріп (құм толтырылған дорбаша оң қолда), түзу тұру 1 дегенде екі қолды (дорбашасымен) екі жаққа жайлап соза жоғары көтеріп, қолға қарау2 дегенде дорбашаны сол қолға аустыру 3 дегенде б.қ.-қа келу Бастапқы қалып,аяқты сәл алшақ, қол белде ұстап тұру(дорбашаны басқа қойып қояды).1 дегенде басты имей, алға қарай еңкею 2 дегенде бастапқы қалыпқа келу Б. қ, малдас құрып отыру, қолды белде (дорбашаны басқа қойып қояды)1 оңға бұрылу 2 артқа бұрылу 3 бастапқы қалапқа келу Б қ, еденде малдас құрып отыру, қол белде, дорбаша алдында алыстау жерде тұрады.1 алға иіліп, дорбашаны оң қолымен алу, 2 оң қолды арт жаққа жайлап соза, дорбашаны арқаға тығып ұстау,3 бастапқы қалыпқа келу Б.қ, аяқты сәл алшақ қойып, дорбашаны ұстап, қолды төмен түсіріп тұру.1 сол қолды артқа жайлап созу, арқаға қою, 2 еңкейіп, оң қолмен дорбашаны жерге қою3 бастапқы қалыпқа келу 1 оң қолды артқа созып, арқаға қою, 2 еңкейіп, сол қолмен дорбашаны алу 3 бастапқы қалыпқа келу Б. қ, қол белде, дорбашаны басқа қою1 тепе-тендік сақтап, сәл отыру 2 бастапқы қалыпқа келу, 3 қолды алға созу Бастапқы қалып, бірінің артынан бірі адымдап жүру, жеңіл жүгіру. Демді қалыпқа келтіру.Тыныс алу жаттығу жасау.
Таңғы ас	Таңғы ас алдында мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. (Ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге ретімен қою) Тамақтанар алдында , дәретханаға барғаннан кейін, қолдарын өз бетінше сабынмен жууға ,тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық,шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін

	ауызды шаю. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерді еңбекке баулу)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Сюжеттік-рөлдік ойын: «Жайлауда»** **Мақсаты:**Төрт түлік және оның төлдері оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлеммен жауап беру. 3-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру,. Заттардың (жануарлар) толық пішіні пайда болғанға дейін мүсіндеу.(**Қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі***,математика негіздері, құрастыру, мүсіндеу- әлеуметтік-эмоционалды, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)**.	**Дидактикалық ойын:** «Күзде не киеміз?» Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім кию үлгісін көрсете түсіндіру.Киімдердің дайын суретін қиып ақ қағазға құрастырып жапсыру. **(Сөйлеуді дамыту,жапсыру, қоршаған ортамен танысу-коммуникативтік,шығармашылық, әлеуметтік-эмоциоалды дағдыларды дамыту**	Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар» Балаларды топтағы ойыншықтар бұрышына алып бару.Сүйікті қуыршақтар туралы тақпақтарын, әндерін естеріне түсіріп айтқызу. Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу, ойыншықтар бұрыштағы сүйікті ойыншықтарын суретін салу немесе ермексаздан мүсіндеу. **(Сөйлеуді дамыту,сурет салу, мүсіндеу, - коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**Дидактикалық ойын.** «Көлеңкесінен таны». Мақсаты: Суреттегі көлік түрлерін көлеңкесінен танып, сызық арқылы қосу,көлік құралдарын дайын пішіндерін қиып құрастырып жапсыру. **(сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, танымдық дағдыларын дамыту)**	«Торғай мен құмырсқа»ертегісін оқып беру Мақсаты:Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Бейнелеу арқылы ертегі кейіпкерлердің суретін салу,мүсіндеу. **(Көркем әдебиет, сурет салу,мүсіндеу-коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын дамыту)**
Білім беру ұйымының	Музыка **Музыка тыңдау.**	Дене шынықтыру **Мақсаты:**	Музыка **Музыка тыңдау.**	Дене шынықтыру **Мақсаты:**	Дене шынықтыру **Мақсаты:**

кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). **Ән айту** Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. **Музыкалық-ырғақты қимылдар** қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау**. Ағаш қасықтармен, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. **Билер** музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу.	Балаларды жүріп бара жатып педагогтің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға жаттықтыру Гимнастикалық орындық үстінде сүйеу қадамен жүруді; допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алуді үйрету. Балалардың жылдамдық қассиеттерін дамыту; сенімді қатынастарды нығайтуға бағыттау. 1) Гимнастикалық орындық үстінде сүйеу қадамен жүру. 2) Допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алу. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Біз көңілді баламыз».	тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. **Ән айту** Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). **Музыкалық-ырғақты қимылдар** музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. **Қазақ тілі** **Тілдік дамытушы орта**. Дыбыстық сөйлеу мәдениеті. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. **Байланыстырып сөйлеу**. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлеммен жауап беру.	Ирелендеп жіптін үстінде жүруді; бір орында тұрып жоғарға екі аяқ қосып секіруді үйрету. Жіптін үстімен жүргенде тепе-тендікті сақтапуға, дене жаттығуларын үнемі жасауға дағдырландыру. Нұсқаушының берген бегісіне қарай жылдам әрекет етуге жаттықтыру. 1) Ирелендеп жіптін үстіде жүру. 2)Бір орында тұрып жоғарға екі аяқ қосып секіру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Мен спортсменмын»	Гимнастикалық орындық үстінде сүйеу қадамен жүруді; допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алуді бекіту. Бірігіп ойнауға тәрбилеу; белгі бойынша әрекет ету дағдасын бекіту. 1) Гимнастикалық орындық үстінде сүйеу қадамен жүру. 2) Допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алу. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Тау шыңы».
2- таңғы ас	Мәдени -гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Тамақтану әдебін сақтау. Дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.				

	“Денсаулық-зор байлық” сөзінің мәнін түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. **(мәдени гигиеналық, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, кезекшілік)**				
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Өз бетінше киіну. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**				
Серуен	1.Бақылау: Күзгі ағаштарды бақылау. Мақсаты: күзде ағаштардың жапырақтары түсіп жалаңаш болатын түсіндіру. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **2.Қимылдыойындар: «Ақсерек, көксерек»** Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, байқампаздыққаүйрету. **:«**Тышқан мен мысық» **Мақсаты:**Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. **(Дене шынықтыру**-физикалық дағдыларды дамыту)** **3.Еңбек:** Шашылған жапырақтарды жинау,	1.Бақылау: Аула сыпырушының еңбегін бақылау Мақсаты: балаларға аула сыпырушы еңбегі туралы айтып білімдерін кеңейту. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру - әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **2.Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»** Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. **«Қуыспақ»** **Мақсаты:** Жылдамдыққа, шапшаң дыққа баулу. **(Дене шынықтыру-физикалық дағдыларды дамыту)**	1. Бақылау: Аула маңындағы көліктерді бақылау. Мақсаты: Балаларға көліктер туралы кең мағлұмат беру. Көшедегі көліктердің жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру - әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **2. Қимылды ойын: . «Көліктер»** Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, байқампаздыққа үйрету. **«Орамал тастамақ»** **Мақсаты:**Балаларды ойын ережелерін саналы түрде сақтау,а үйрету. **(Дене шынықтыру**-**	1. Бақылау: құстарды бақылау. Мақсаты: Балаларға құс немен қоректенеді, қандай пайдасы бар туралы түсінік беру. Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру -әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **2. Қимылды ойын: “Ақку-Қаздар”**	**Бақылау** Желді бақылау. **Мақсаты**:Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел,жылы жел, ұйтқып соққан жел.Жел дің күштілігі ауа-райы- ның салқындығын үдететіндігін түсіндіру. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру - әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **Қимылды ойын: «Жел»**

	топқа апарып кептіру. 4.Балалармен жеке жұмыс: Айкөркем мен Арланға ертегіні ойдан құрастырып айтуға үйрету . **(Көркем әдеиет-коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **5**.Таза ауада еркін ойындар.	**3. Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу Мақсаты: балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. **4. Жекежұмыс:**Зайнаб пен Даниал,Альфия күзгі киімнің түрлерін айтқызу. **Мақсаты:**қойылған сұрақтарға дұрыс,толық жауап беруге баулу. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)** **5.** Таза ауада еркін ойындар.	**физикалық дағдыларды дамыту)** 3.Еңбек: ойыншық камаз машинасымен құм тасу. Мақсаты: Өз бетінше іс-әрекет жасауға үйрету. Жеке жұмыс: Ауладағы ағаштарды салыстыруға үйрету. Мақсаты:биіктігі бойынша екі затты салыстыру. (Математика негіздері-танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту) **5**.Таза ауада еркін ойындар.	Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке баулу. **Қимылды ойын: «Жалау тартыс»** **Мақсаты:**Балаларды ойындарды ұйымдастыруды бастамшылдыққа дербестік танытуға үйрету. **(Дене шынықтыру-физикалық дағдыларды дамыту)** 3. Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты: Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу **4. Жеке жұмыс:** сюжеттік сурет бойынша әңгімелеу. Мақсаты:иллюстрацияларды өз бетінше қарап,әңгіме құрастыруды үйрету. . **(Сөйлеуд дамыту-коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	**Мақсаты**:қимылдардың үйлесімділігі, оң,сол, жоғары,төмен түсініктерін қалыптастыру.Терең ырғақты дем алуын дамыту. **Қимылды ойын: «Бал-бұл»** **Мақсаты:**балаларды ойын ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.жылдамдыққа, шыдамдылыққа ептілікке дамыту. **(Дене шынықтыру-физикалық дағдыларды дамыту)** **Еңбек:**Ойын алаңын жапырақтардан тазарту. **Мақсаты:**Ересектердің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмаларын орындау. Балаларды ең-бекқорлыққа тәрбиелеу **Жеке жұмыс:** жаңылтпаш жаттату. Мақсаты:Жаңылтпаштарды еркін анық жатқа айтуға үйрету.

				5.Таза ауада еркін ойындар.	**(Көркем әдебиет,қазақ тілі***-** коммуникативтік дағдыларды дамыту) Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігі мен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету. **5**.Таза ауада еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бірін-бірі итермей екі-екіден жүруге дағдыландыру**.** Өз бетінше шешінуді, киімдерін жинау, ілу , ересектердің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстыру, киюін қалыптастыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**				
Түскі ас	Таңғы ас алдында мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. (Ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге ретімен қою) Тамақтанар алдында , дәретханаға барғаннан кейін, қолдарын өз бетінше сабынмен жууға ,тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық,шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерді еңбекке баулу)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздері ағыту. Киімдерін ұқыпты өз сөрелеріне іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Балаларға ертегі оқып беру және жайлы музыка қою. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, көркем әдебиет-коммуникативтік дағды, музыка-шығармашылық дағды)**				
Біртіндеп	**Кереуеттегі жаттығу**				

ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балалар ұйқыдан оянады. Жалпы денеге арналған жаттығу-балалардың денсаулығын нығайтып, дене, қолдың саусақтарын ашып-жұму бітімін жақсы қалыптастырады. Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық. - Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен. - Керуетте жатып велосипед тебу. - Қолды алға созып, қайшылап қозғалту. Төсектен тұру: Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір. Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір.				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру, назарын тағамға аудару. Мәдени -гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерді еңбекке баулу)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Драматизациялық ойын: «Қызыл телпек қыз» (ертегісі)** **Мақсаты:** Ертегіні сахналау арқылы сөздік қорларын молайту. **(Көркем әдебиет коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	«Ырғақ» **« Көңілді балалар»** Бидің аяқ және қол қимыл-қозғалыстарын бірге үйрете отырып әуенмен билету. **Мақсаты:** Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.	**Сюжеттік рөлдік ойын:«Жүргізуші»** **Мақсаты:** Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойында қарым-қатынас орнатуға үйрету.адамдардың еңбегін нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған**	**«Салыстыр».** **Мақсаты:**3 көлемінде тура санауға жаттықтыру. Ағаштағы торғайларды санау 1-3 ке дейінторғайдың суретін бояу.Сурет салу **(Математика негіздері-**	**Вариативтік компонент.**Түрлі түсті бөлшектер «Мұнара» Мақсаты:Түрлі-түсті бөлшектерден мұнара құрастыру. **Автор: С.Жусуев «Жаңбыр» әнін жаттату.** **Мақсаты:** Балаларды өлеңдерді тыңдауға,

		«Қай аспап жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейінінің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту.	**ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды дағдыларды дамыту).**	**танымдық және зияткерлік дағды дамыту).**	қызығушылыққа баулу.Өлеңдерді жататуда түрлі интонацияларды ,үзілістерді, есте сақтауға м,мәнерлеп айтуға баулу. (Сөйлеуді дамыту,музыка***- **(коммуникативтік,шығармашылық дағдыларды дамыту)**.
Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын: «Текшелер» Мақсаты: белгілі ретпен түрлі пішінді, көлемді түстегі бөліктердіорналастыруды айын бейнені қағазғажапсыра білуге үйрету **(Жапсыру-шығармашылық дағды дамыту)**	«Бұл қай кезде болады?» өлең-жұмбақ. Мақсаты: суреттер бойынша таныс шығармаларды атауды олар бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету **(Көркем әдебиет-коммуникативтік дағды дамыту).**	Дидактикалық ойын: «Биік –аласа үйлер» Мақсаты: кеңістік пен уақытты бағдарлай білуге үйрету. **(Математика негіздері-танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).**	«Отаным» өлеңді оқып беру. өзінің туған жерін білуге және атауға үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	Дидактикалық ойын: «Қандай пішін жоқ» Мақсаты: түсі және көлемі бойынша ажырата алуға үйрету. **(Математика негіздері-танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).**
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**				
Серуен	**1.Ауладағы ағаштарды бақылау. Мақсаты:** балаларды ағаш түрлерімен таныстыруды жалғастыру, табиғаттағы қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтауға үйрету.	**1.** Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіру,шықтың пайда болу жолы. **Әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағдыларды**	**1.Бұлттарды бақылау. Мақсаты:**аспан әлеміндегі бұлттарды бақылау барысында әр бала өз байқаған бұлттың әртүрлі сыртқы пішінін (ашық, қою) атай алуын жетілдіру.	1.Құстардың күзгі тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі,	**1.Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау Мақсаты:** Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеуге үйрету. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру,күздегі

	Қимылды ойын: «Күн, су, ауа» **Мақсаты: балаларды** ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.Шыдамдылыққа,ептілікке үйрету. (***сөйлеуді дамыту ,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)*** **2.Қимылды ойын: “Ақ сирек-көк сирек”** Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке баулу. **(Дене шынықтыру-физикалық дағдыларды дамыту)**	**қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар»** **Мақсаты:** Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. **2.имылды ойын: «Түйілген орамал».** **Мақсаты:**балаларды ойын ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.жылдамдыққа,шыдамдылыққа ептілікке дамыту. **(Дене шынықтыру-физикалық дағдыларды дамыту)**	**(Сөйлеуді дамыту.әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру)** **2.Қимылды ойын: «Әуе шары»** **Мақсаты:** ойын ережесін сақтай отырып, кеңістікті бағдарлай білулерін екіту, жылдамдық танытып, бағытты өзгерте білу **.Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»** Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қас иеттерін арттыру. **(Дене шынықтыру-физикалық дағдыларды дамыту)**	ал кейбереуінің қыстап қалатындағы туралы түсінік беру.Құстардың атауларын атай білуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту.әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру)** **2.Қимылдық ойын: «Соқыр теке».** **Мақсаты:** қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.жылдамдық , ептілікті дамыту. **«Күн мен жаңбыр»** **Мақсаты:**балалар-ға табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету. **(Дене шынықтыру-физикалық дағдыларды дамыту)**	өзгерістерді айтқызу. **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі***-коммуникативтік)** **2.Қимылды ойын: «Аңшы»** **Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа үйрету. Орман және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту. «Айгөлек-ау,айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыту,шапшаңдық-қа ептілікке баулу. **(Дене шынықтыру-физикалық дағдыларды дамыту)**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бірін-бірі итермей екі-екіден жүруге дағдыландыру**.** Өз бетінше шешінуді, киімдерін жинау, ілу , ересектердің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				

	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстыру, кию. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Кім жылдам?» Мақсаты:Таяқшалардан геометриялық пішіндер құрастыра білу. Сипаттап айту. **(Математика негіздері –танымды және зияткерлік дағдыларды дамыту).**	Жұмбақ шешу Мақсаты:балалардың зейінін, ойлау қабілетін, жылдамдығын дамыту. Ызақор бұғып жатыр, Сақалы шығып жатыр. (пияз) Доптар жатыр желісі бар, Қабат-қабат терісі бар. (Қырыққабат). **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі***-коммуникативтік дағдыларды дамыту).**	Дидактикалық ойын «Менің үйім» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштардын таяқшаларынан биік үй құрастыру **(Құрастыру-шығармашылық дағыларды дамыту).**	**«Кел,билейік» Мақсаты:** балаларды Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету.Жұппен би қимылдарын билердің атаулыраны есте сақтауға үйрету. **(Музыка****-шығармашылық дағдыларды дамыту).**	**Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?»** Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. **(Математика негіздері-танымдық және зияткерлік дағды дамыту)**
Балалардыңүйгеқайтуы	Ата-аналарға балалардың тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.				

Білім беріу ұйымы: Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Б. Тналин атындағы Бірсуат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ шағын орталық
Топ «Болашақ» ортаңғы-ересек тобы
Балалардың жасы 3-4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 30қараша - 04 желтоқсан 2025жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңғы балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл-күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, баланың қазіргі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білдіру.				
	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу. **(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды дамыту)** «Балабақша» әнін жаттау. **(Музыка****-шығармашылық-дағды дамыту).**	«Күз бояуы» Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды дамыту)**	Дидактикалық ойын «Менің үйім» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштардын биік үй құрастыру. **(Құрастыру-шығармашылық-дағды дамыту).**	«Көңіл-күй неге ұқсас» ойыны **Мақсаты:**бүгінгі көңіл-күйлері неге ұқсас екенін айтып беру,сөздік қорын кеңейту. (ауа-райы, Табиғат құбылыстары) **(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды, қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	«Көңілді күн» әнін орындау. **Мақсаты:** мәнерлеп ән айтуға үйрету. Әуенді таза және сөздерін анық айтуға үйрету. **(музыка-шығармашылық дағды дамыту)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгімелесу Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын әңгімелеуДемалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу				

